

ӨОЖ 23-157 (540)

Д.М. Көкеева*. Н. Али

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Қарағанды қазақ-түрік қыздар лицейі, Қазақстан, Қарағанды қ.

*E-mail: dmkbuddy@mail.ru

Шактизмдегі тантр мәтіндерінің қалыптасу алғышарттары, рөлі мен маңыздылығы

Аңдатпа. Ғылыми мақалада үнді дүниетанымындағы құдайлар пантеонының бірі болып табылатын әрі әйел құдай бастауын дәріптейтін ағымның бірі – шактизмнің қазіргі таңдағы қоғамдағы орны діни-философиялық тұрғыда қарастырылады. Әр дәуірдегі кез келген ағымның өзіне тән жазба жинақтарының қоғамдағы рөлі және олардың құлдырау, шарықтау кезеңдері болатыны баршамызға мәлім. Сондықтан шактизм ағымының діни-философиялық астарын саралай отырып, аталмыш ағымның негізінде пайда болған тантрлық мәтіндерінің тарихи қалыптасу алғышарттары талдауға түседі.

Түйін сөздер: дін, философия, пантеон, шактизм, тантр, матриархат, пурандық кезең, беллетристикалық кезең, лирикалық түсініктеме, Шива, Парвати, Кали.

Әйел құдайға деген сенім ертеден-ақ, тек үнділерде ғана емес, бүкіл Еуразия құрлығында шоғырланған халықтардың түсінігінде болды. Көптеген қазба жұмыстарда тастан, балшық, сүйектерден әйел мүсінінде жасалынған әйел пұттары табылған. Көптеген археологтар «ана құдай пұты алғашқы кезде универсалды сипатта болғандығын және сол кездегі адамдар бүкіл табиғаттың бастауы Ана құдайдан деп түсінді», – дейді [1, 88 б.]. Археолог ғалым Дж. Маршалл үнді өркениеті матриархалды деп санайды. Ал Н. Бхаттачарья бұл пікірді аса қолдамайды. Ол археологиялық деректерге қарап әлеуметтік ұйым туралы сөз қозғау қиын екендігін айтса, Д. Кинслидің көзқарасы бойынша индуизмде әйелге бағыну үнді өркениетіндегі дінге қатысы бар екендігіне күдік білдіреді. Д. Кинсли әйел бейнесінде жасалынған құдай мүсіндері құдайлар арасында үстем болды деуіне еш негіз жоқ. Егер болса үнді өркениетіндегі сенімде қандай функцияларды атқарыпты деген теріс пікірін білдірген. Алайда Д. Кинсли протошактист дініндегі нанымдарды толығымен жоққа шығармайды. Тек бұның бәрі оның болжауы ғана екендігін көріп отырмыз. Біріншіден, дәлел бойынша әйелді мүсіндеу құдай дініне ғана тән. Екіншіден, Бұл мүсіндерді қарай отырып,

құдайлар жермен, аңмен тікелей байланыста болған деген болжау айтуға болады.

Ертедегі ғалымдар әйел бастауын матриархатпен теңестірді. Алғаш рет 1916 ж. Р.П. Чанда Ана-құдай діні жайында матриархат негізінде пайда болған деп айтқан болатын. Алайда қазіргі антропология матриархатты әлеуметтік даму сатылары деп санамайды. Патриархатты түсіндіретін абсолют концепциясы қазіргі кезде тарихшыларды мойындамайды. Бірақ ерте қоғамдағы салт-дәстүр, нормаларды теріске шығармайды [2, 319 б.].

Шактизмді зерттеушілер үнді дініндегі әйел бастауын арийлерге дейінгі кезеңдегі дінге жатқызады. Р.Н. Дандекар бойынша Жер-Ана діні арийлік емес болып саналатын Шакти діні ведаға дейін болған дейді [3].

Бізге жеткен шакти дінінің пайда болуы туралы археологиялық дәлелдер ретінде мынаны айта аламыз: Лауриге жақын қабірден әсем әшекейленіп, бейнеленген әйел мүсінді алтын таңба табылды. Бұл таңба б.д.д. VIII-VII ғғ. көрсетеді [4, 152 б.]. Кейінгі табылған деректер бойынша, екі жағында су шашып тұрған екі піл бейнеленген монеталарда байлық құдайы ана құдай Гаджалакшмиді көре аламыз. Бұл пілдер, біріншіден, жаңбырды құрметтесе, екіншіден,

ана құдайдың ұлылығын танытады. Гаджалакшми құдай – Каушамби (б.д.д. I ғ.), Айодхья және Удджайн (б.д.д. I ғ. – б.д. I ғ.) монеталарында таңбаланған. Бұдан басқа да Матхур монеталарында сол кезеңде лотоста отырған Лакшми бейнесі ұшырасқан. Б.д.д. II ғ. – б.д.д. I ғ. аралығында Таксил, Патна және басқа жерлерде тастан қашалып жасалынған мүсіндер табылды.

Шактизм де уақыт талабына сай құлдырап, одан кейін қайта шарықтау шегіне жетті. Шактизмнің құлдырау кезеңі б.д.д. 600-б.д. 300 жж. көрсетсе, шарықтау кезеңі б.д. 700 жылдан басталады. Бұл кезеңде шактизм өз қасиетті жазбаларымен, мектептерімен, дәстүрлі тәжірибесімен индуизм аясында өзіндік бағыттарымен қалыптасты. Осы кезеңдерде үнді қоғамында айтарлықтай өзгерістер болып, көптеген мәтіндер жарық көре бастады. Жарыққа шыққан мәтіндер қазіргі кезде шактистердің бірден бір құнды жазбалары болып табылады. Бұл кезеңде пайда болған мәтіндерді 4 кезеңге бөлуге болады:

1. Тантристік кезең (700-1100 жж.). Шактизм туралы дерек беретін ең үлкен мәтіндер тобы десек те болады. Үнді ғалымы Шивайя Субрамуньясвами оларды б.д.д. VI-V мың жылдыққа жатқызады [5, 95 б.]. Алайда ғылым аясында тантралардың бізге жеткен қол жазбасы б.д. IX ғасырдан басталады. Ферштайн тантралар б.д. I мың жылдықтың ортасында жазба түрінде пайда болды деп мақұлдайды. Ең соңғы мәтіндер XVIII-XIX ғғ. көрсетеді.

Тантраның пайда болуы Үндістанның діни өмірінде шактизмнің дамуы оңтүстік өңірінің дамуына әсерін тигізді. Бұның әлеуметтік-экономикалық алғышарттары бар: солтүстікте осы кезде құлдырау болды. Ал оңтүстікте теңіз саудасы күшейді. Оңтүстік тұрғындары тамилдіктер үшін сакральды әйел күші ерекше рөл атқарды. Олар күнделікті өмірге байланысты ауыл құдайы ретінде ана құдайды дәріптеуде болды. Сондықтан оңтүстікте шакти жүйесі толығымен қалыптасып, Үндістандағы байырғы тайпалар шамандық тантризмді таратқан болатын. Соған байланысты шактизмде екі бағыт қалыптасты. Олар: оң қол тантрасы және сол қол тантрасы. Шактистердің көпшілігі теологиялық тұрғыдан ведант нұсқасын беретін оң қолды тантраға жатады. Өздерін «сол қол тантристері» деп санайтындар Үндістанда сирек кездеседі.

«Сол қол тантрасы» шактизмнің эзотерикалық бағыты болып табылады. Мұнда құпия рәсімдер орындалады. «Сол қол тантристері» Кали мен Дургаға арнап, аңдар, кейде адамдарды да құрбандыққа шалып отырған. Рәсім барысында ет, балық, шарап, есірткі қолданған. Сондай-ақ кастаға байланысты бұйрық пен тиымдарды қабылдамайды. Сондықтан олар веда жүйесіне оппозициялы. Өз ұстаздары мен тантр беделін жоғары бағалайды. Негізгі беделді мәтіндер соңғы жазылған тантралар болып табылады. Олар: Малинивиджай, Рудроямал, Триширобхайрав.

2. Пурандық кезең (1100-1400 жж.). Шакти пуранның пайда болуымен байланысты. Осы кездегі пурандарды айта кеткен жөн:

- Брахманда-пуран;
- Брихаддхарма-пуран;
- Деви-пуран;
- Девибхагавата-пуран;
- Калика-пуран;
- Махабхагавата-пуран.

Аталған пурандар вишнуиттер мен шиваиттердің қарқынды жемістері болып табылады [4, 95 б.]. Олар ведалық және тантристік дәстүрді біріктіруде маңызды рөл атқарады. Пуран мәтіндері уапуранға қатысты бола тұрса да шактистер ортасында беделі жоғары. Мұнда шактизм өзіндік ілім мен дәстүрлі үнді аңыздарын рухани тұрғыда көрсетеді. Пурандардың ішіндегі танымалысы – Деви-бхагавата. Ол 18 мың буыннан, 12 кітаптан тұратын аңыздық хикаяны қамтиды. Онда жағрафия, космология, йога бойынша мәліметтер бар. Батыс ғалымы Макенди Браун Девибхагавата шактизм дамуында үлкен рөл атқарғанын айтады. Біріншіден, пуранда құдай табиғатын айтады. Оның табиғаты Деви-махатмада бейнеленген. Оның негізгі сипаты ыза мен мейірім аспектісі арасындағы қайшылық болып табылады. Аңыздарда Девибхагават құдайды мейірімділігімен ерекшелендіреді. Девибхагават құдай болмысындағы ыза мен кек сипаттарын жоққа шығармайды. Алайда, пуран оның табиғатын барынша үстем қылатын жалпы мәтінге сидырады. Екіншіден, Девибхагават жоғары шындықтың гендерлі сипаты туралы түсінікті анықтайды. Айталық, аврамикалық діндерде (иудаизм, христиан, ислам) еркек бас-

тауы үстем болса, онда үнді дүниетанымда әйел бастауы бірінші кезекте тұрды. Пуранда әлемді басқаруда әйел үстемдік танытады.

Шактилік пуранда, өте ертедегі пурандарда айтылғандай, құдайлардың жаугершілік ерлігі тақырыптарына көбірек көңіл бөлінеді. Деви-махатмада кеңірек мәлімет беретін негізгі үш эзәзілді аңыздар қарастырылған. Деви-пуранда құдай Джая, Виджай, Апараджит, Джаянти атауларымен кездеседі. Ол Гхор, Субал, Руру эзәзілдерінің жеңімпазы болуымен танылған. Шактилік пуранда құдайлар пантеоны Шакти көптеген жергілікті сансыз құдайлармен теңестірілу жолымен көрсетіледі. Девибхагават екі үлкен питхадан тұрады. Питх тізімі Калика-пуран бойынша қарастырылған. (Шактиліктер «питха» терминін дәстүрлі түрде «тиртха» деп жобалады. Термин құдай тілімен байланысты болуы мүмкін. Ана табиғаты мен жер байланыста екендігін үндейді. «Тиртха» термині бір әлемнен екінші бір әлемге өту мағынасын береді. Ал «питха» тұрақты, яғни бір күйден екінші күйге енбеу деген мағынаны білдіреді).

3. Беллетристикалық кезеңде (1400-1700 жж.) көптеген шиваиттік-шактилік аңыздар, көркем шығармалар пайда болды. Осы шығармаларда Шива мен Парватидың неке тойы, олардың жанұялық өміріндегі қуаныш-қайғылары суреттеледі. Шактиге арналған мәтіндер соңғы орта ғасырда кеңінен тарады. Мәтіндер үнді субконтинентіндегі барлық тілдерде жазылды.

Шакти дінін дәріптеу мақсатында жазылған мәтіндер үнді даласындағы көптеген жергілікті тілдерде жарыққа шықты. XV-XVI ғғ. үнді данышпандары Рамасарасвати майтхи тілінде Деви-Гита Ганешвар «Диханы», ассам тілінде Сарал Дас «Бхимачаритты» жазды. Осы кезеңдегі танымал хинди тіліндегі Тулсидастың шығармасы «Раманасчаритманасты» да айта кетуге болады. Жоғарыда аталған шығармаларда шакти аңыздары келтірілген.

Шактизм мен тантризм кезеңі брахман ортодоксалымен келісіп отырды. Онда теориялық негіз қалыптасты. Әртүрлі мектептермен шәкірттік сабақтастық тізбегі пайда болды. Олар: Кали-кула, Шри-каликула, Каула-дхарма, Кулачар. Бұл дәстүрлі ведалық мектеп Камаруп қаласында пайда болды (қазіргі Ассам). Шәкірттік сабақтастық тізбегі б.д. IV ғ. жатады. Мектеп IX-XI ғғ. Кашмирге тарады. Қазіргі

кезде солтүстік-шығыс Үндістанда, Непалда үстемдік етуде. Кали-кулада көптеген бағыт бар. Сондықтан барлық тантризмнің сол қол ұстанушылары «кауликтер» деп аталады. Шри-кула индуизмнің тантристік және ведалық формасы арасындағы келісімді көрсетеді. Оны ұстанатындар негізінен брахман кастасынан болуы керек әрі «оң қол» тантра әдісін қолданады. Олар Шактиге жалбарыну тәжірибесі адвайта-веданта әдістерін үйрену деп санайды. Онда ұлы құдай 16 буынды Шри-Видья мантрасы болып табылатын Трипурасундар дәріптеледі. Бұл жерде ұлы құдай Шива камешвар (махаббат әміршісі) болып саналады.

4. Лирикалық түсініктеме кезеңінде біріншіден, классикалық шакти мәтіндеріне маңызды түсіндірмелер берілді. Екіншіден, шактистік классикалық поэзия ерекше мәнге ие болды. XVII ғ. шакти мәніне түсіндірме беретін екі ғалымды атауға болады. Олар: Бхаскарарай және Нипакантхи.

XIX ғ. ортасынан бастап шактизм үнді ұлт-азаттық көтерілісі идеясын көтерді. Оның теоретиктері өз Отаны Үндістанды қорғаушы Ана-құдай ретінде үндеу тастады. Үнді дәстүрінде әйел құдай туралы түсінік үнді субконтинентіндегі жер болып табылды. Притхиви діні жер құдайы ретінде танылғандығы Ригведада айтылған. Девибхагават-пуран жерді «құдай белі» деп атады. Үнді жері Гупт идеологиясы бойынша ұлы құдай деп саналды.

Үндістан субконтиненті Ана-құдай деп танылады. Себебі барлық үнділер Бхарат мата дінінің баласы деп саналады. XIX ғ. соңында жазылған бенгалдық Чандра Чаттерджидің «Анандаматх» романынан көруге болады. Бұл романда Кали кейпі үнді жерін ағылшын отарынан шаршаған, кедейлік пен өлімді бейнелеп тұрғанын көрсетеді. Р. Тагордың еңбектерінен де шакти дініне көңіл бөлгенін көруге болады. Отан Деви және Шактимен теңестіріледі.

Шактизмдегі тантралық мәтінін хронологияға қарап, 700-1100 жж. аралығында жазылды деуге де болмайды. Үндістанның ерте және орта ғасыр тарихындағы хронология бойынша мәтіндердің мерзімі 100 жылда жазылғандығын анықтау мүмкін емес. Оның құрылуындағы негізгі мақсат шактизм дамуында қандай тенденция немесе қандай мәтіндер тобы пайда болғандығын көрсету болып табылады.

Қорыта айтатын болсақ, шактизм ағымы қазіргі үнді дүниетанымында әлі де кездеседі. Кали, Дургаға табынағындар өздерін шиваит-шактистер деп атаулары бұған негіз бола алады. Шактиге арналған көктем мезгілінде аталып өтілетін Холи мейрамы үнді халқы үшін бірден бір үлкен, қасиетті мереке болып табылады. Сондай-ақ жоғарыда әр кезеңге қарасты жарық көрген тантралық мәтіндер әлі де өз күшін жоймағандығы жөнінде және олардың уақыт өтсе де қайта өңделіп үнді бұқаралық ақпарат құралдарынан да көрініс тауып жатқанын айта аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Пахомов. Тантрический путь. – М., 2002. – Стр. 88.
- 2 Sh. Subramunsvami. Shakti bhag ke bare me kia djante hein? – New Delhi, 2003. – P.319.
- 3 Dr. Bhodraj Dvidevi. Bhagvan ka prasad kion charhaenge? – New Delhi, 2006. – P. 152.
- 4 Kapil Kakar. Secrets of Success. – Delhi, 2005. – P.95.
- 5 Mahesh Sharma. Kia kehte hein puran? – New Delhi, 2006. –P. 214.

Д.М. Кокеева, Н. Али

История формирования тантрических текстов, их роль и значение

В статье говорится об известной индийской матери богов пантеона Шакти. А также рассматривается общественная роль пантеона Шакти в индийских мифологиях.

Ключевые слова: религия, философия, пантеон, шактизм, тантр, матриархат, пураническая эпоха, беллатристическая эпоха, лирическое объяснение, Шива, Парвати, Кали.

D.M. Kokeyeva, N. Ali

Formation history of tantric texts, their role and importance

This article is said about famous Indian mother goddess pantheon Shakti. And also it is considered social role's of pantheon Shakti in Indian mythologies and at this time stage era use high point, climax of source.

Keywords: religion, philosophy, the Pantheon, Shactism, Tantra, matriarchy, Puranic era, Bellatrisric era, lyrical explanation, Shiva, Parvati, Kali.